

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
комитеті Қостанай облысының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаменті»
республикалық мемлекеттік
мекемесі
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

Республиканское государственное
учреждение «Департамент
санитарно-эпидемиологического
контроля Костанайской области
Комитета санитарно-
эпидемиологического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.02.2021 г. № 6

Қостанай қаласы

город Костанай

Қостанай облысының бас мемлекеттік
санитарлық дәрігерінің 04.02.2021 жылғы
№ 5 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына, «шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСДҚ № 67) және Қостанай облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында «шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қостанай облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 5 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«25) 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанында рұқсат етілсін:

- контингенті 300-ге дейін, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқыту;

- ата - аналардың өтініші бойынша жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5-сыныпты қоса алғанда кезекші сыныптарда, халықаралық мектептерде-7-сыныпты қоса алғанда 15 баладан аспайтын сыныптардың жинақталуын сақтаған кезде оқыту;

- (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас оқыту: пәндердің 70% - ы штаттық режимде, 30% - ы қашықтан (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 – сынып-1-кабинет қағидаты бойынша оқыту, бір мезгілде мектепте жобалық қуаттың 30% - ынан артық емес болу, санитариялық-дезинфекциялық режимді, беттерде режимін күшейту);

- білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқыту»;

2) 1-тармақтың 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«26) колледждер мен жоғары оқу орындарының I курс студенттері үшін екінші семестрден бастап штаттық оқуға рұқсат ету»;

3) 1-тармақты келесі редакциядағы 26-1) тармақшамен толықтыру:

«26-1) ҚР ММЖТ №67 қаулысының 46-қосымшасының талаптарын сақтай отырып, білім беру объектілеріндегі қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беру»;

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы 2021 жылғы 10 ақпан сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

**Қостанай облысының
бас мемлекеттік санитарлық дәрігері**



Е. Даулетбаев